

**«Қаржылық алаяқтыққа, атап айтқанда пирамидаларға, интернет және телефон арқылы алаяқтыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері туралы есепке аннотация**

**Зерттеудің мақсаты:** қаржылық алаяқтықпен күрес бойынша халықаралық тәжірибені, оның ішінде заңнаманы, құқық бұзушылықтарды есепке алу статистикасын, олардың тиімділігі мен Қазақстан Республикасында қолданылуын бағалауды талдау; Қазақстан Республикасының заңнамасындағы олқылықтарды жоюға және күрес шараларын, оның ішінде құқықтық сипаттағы шараларды жетілдіруге бағытталған ұсынымдарды, сондай-ақ халықаралық тәжірибе мысалында қаржы пирамидаларының, интернет және телефон арқылы алаяқтықтың алдын алудың, анықтаудың және оларға қарсы іс-қимылдың жаңа әдістерін практикалық қолдану бойынша ұсыныстарды тұжырымдау.

**Міндеттер:**

- 1) Қазақстан Республикасындағы қаржы пирамидаларына, интернет және телефон арқылы алаяқтыққа байланысты реттеуші және заңнамалық ортадағы қазіргі кемшіліктер мен шектеулерге сыни баға беру;
- 2) реттеуші және заңнамалық ортадағы қаржылық қылмыстармен күрестің қолданыстағы бағалау әдістері мен озық халықаралық практикасының өзектілігін айқындау, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасында бейімдеудің практикалық тәсілдерін әзірлеу;
- 3) қаржылық алаяқтықтың типтік құрбандарының психологиялық сипаттамалары арасындағы өзара байланысты зерделеу және анықтау;
- 4) қалың жұртшылықты қаржылық алаяқтық, қулық-сұмдық және пирамидалар туралы хабардар етудің неғұрлым перспективалы және ауқымды жолдарын (әдістері, амалдары, тәсілдері) талдау;
- 5) қаржылық қылмыстарды анықтау, мониторингтеу және мемлекеттік бақылау үшін оқыту жүйелері мен практикалық құралдарды ендіруге тәсілдердің әсерін бағалау;
- б) зерттеудің қорытындысы бойынша ұсынымдарды тұжырымдау.

**Зерттеудің объектісі:** Қазақстан Республикасының аумағындағы қаржылық алаяқтық.

**Әдіснамалық, теориялық және эмпирикалық база**

Зерттеу үшін дереккөздердің екі түрі: бастапқы және қайталама деректер пайдаланылды.

Бастапқы деректер сұхбаттың мынадай бірнеше түрінен алынған: алаяқтықтан зардап шеккендермен құрылымдалмаған және жартылай құрылымдалған сұхбаттар, қаржы және телекоммуникация салаларындағы, IT саласындағы, психология саласындағы сарапшылармен, сондай-ақ полиция қызметкерлерімен қаржылық алаяқтық фактілері туралы ақпарат

алу мақсатында стандартталған ашық сұхбаттар (атап айтқанда, қаржы пирамидаларына, интернет және телефон арқылы алаяқтыққа байланысты алаяқтық фактілері мен кейстері туралы деректер зерделенді).

Қайталама деректерге осы проблема туралы отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нәтижелері: уәкілетті органдардың статистикалық есептері, құқық қорғау органдарының деректері, зерттеуге енгізілген елдердің құқықтық базасы (Аустралия, Еуропа, АҚШ, Жапония, Сингапур), халықаралық қаржы ұйымдарының ұсыныстары кірді. Сонымен қатар отандық және халықаралық қаржы ұйымдарының, орталық банктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстары, банктердің ресми хаттарға жауаптары да дереккөз болды.

### **Ұсынымдар**

1. *Заңнаманы талдау негізінде тұжырымдалған ұсынымдар:* ақпараттық жүйеде алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен жасалған алаяқтық үшін жауапкершілік туралы арнайы норманы енгізу; инсайдерлік ақпаратпен заңсыз әрекеттер үшін банк қызметкерлерінің жауапкершілігін қосу; электрондық коммуникацияларды қорғауды күшейту және электрондық қолтаңба туралы заңнаманы жетілдіру; SIM-карталарды тіркеу кезінде міндетті биометриялық сәйкестендіруді енгізу; қаржылық флюенсерлердің қызметін реттеу; көп деңгейлі маркетинг саласындағы бизнестің қаржы пирамидаларынан айырмашылықтарын жазу; «deepfake» сияқты заманауи қауіптерге қарсы нормаларды әзірлеу.

2. *Қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастық бойынша ұсынымдар:* қаржылық алаяқтықпен күресте тәжірибе алмасу үшін Қазақстанның халықаралық қаржы ұйымдарына қатысуын жандандыру; әлеуметтік желілерде тіркелу үшін ең төменгі жасты (16 жас) белгілеу; қаржылық алаяқтықтарды сыныптау үшін халықаралық стандарттарды қолдану.

3. *Халықтың хабардарлығын/ақпараттандырылуын арттыру және қоғамдық бастамалар жасау бойынша ұсынымдар:* халықты алаяқтық схемалары және қарсы іс-қимыл жасау әдістері туралы ақпараттандыру үшін әртүрлі байланыс арналарын пайдалану; әдеттегі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпарат тарату арқылы қарт адамдарға ерекше назар аудару; банкоматтарда банктік аударымдар/операциялар кезіндегі алаяқтық тәуекелдері туралы ескертетін ақпараттық постерлерді орналастыру; лицензияланған қаржы ұйымдарын өзінің лицензиясы туралы ақпаратты және алаяқтық туралы ескертулерді веб-сайттардың, онлайн банкинг платформалардың басты беттерінде жариялауға міндеттеу.

4. *Білім беру және қаржылық сауаттылық бағдарламалары бойынша ұсынымдар:* алаяқтықтың жаңа схемалары туралы хабардар болуды арттыру үшін халықаралық сарапшылармен ынтымақтастық жасай отырып қаржы ұйымдарының және мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлерін оқыту; қаржы ұйымдарына клиенттерге арналған міндетті

оқыту және ақпараттандыру бағдарламаларын ендіру; қаржылық сауаттылықты, психологияны және цифрлық қауіпсіздікті білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу бағдарламаларына енгізуді жеделдету.

5. *Алдын алу шаралары бойынша ұсынымдар:* мемлекеттік органдарда қаржылық қылмыстарды тергеу үшін форензик/сот бухгалтериясының мамандандырылған бөлімшелерін құру; күдікті транзакцияларды анықтау үшін талдамалық жүйелерді ендіру және деректермен қауіпсіз алмасу үшін блокчейн технологияларын зерделеу; карточкалық шоттарды ашу кезінде банктің клиенттеріне неғұрлым мұқият тексеру жүргізу; виртуалды валютамен операцияларды қатаң бақылауды енгізу; алаяқтық қоңырауларды бұғаттауға арналған мобильді қосымшаны әзірлеу.

6. *Телекоммуникацияны реттеу бойынша ұсынымдар:* компанияларды өзін нақты сәйкестендіруге, қоңыраудың мақсатын хабарлауға және бұзғаны үшін айыппұл енгізумен өнімдер туралы дәйекті ақпарат беруге міндеттей отырып, телемаркетинг ережелерін қатаңдату; осындай шаралар зейнеткерлік алаяқтық жағдайларын азайтуға көмектескен Ұлыбританияның үлгісі бойынша қаржылық өнімдер бойынша «суық» қоңырау шалуға тыйым салуды қарастыру.

7. *Алаяқтықпен күрестің инновациялық әдістерін әзірлейтін орталықтар құру және қаржы-технологиялық компаниялармен ынтымақтастық бойынша ұсынымдар:* университеттермен және құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық жасайтын қылмыстардың дәлелдік алдын алу орталықтарын құру; deepfake-контентті анықтай алатын озық жасанды интеллект алгоритмдерін әзірлеу үшін технологиялық компаниялармен және ғылыми мекемелермен өзара іс-қимылды нығайту; алаяқтықпен күрестегі инновациялық шешімдерді әзірлеу үшін жеке қаржы ұйымдарымен және стартаптармен әріптестік орнату.

8. *Клиенттердің құқықтарын қорғау бойынша ұсынымдар және қолдау шаралары:* алаяқтық салдарынан клиенттерге келтірілген зиян үшін банктердің, телекоммуникациялық компаниялардың және әлеуметтік желілердің материалдық жауапкершілігін енгізу; қаржы ұйымдарының клиенттеріне алаяқтықтан қорғану үшін қосымша сақтандыру өнімдерін/полистерін ұсыну; алаяқтық туралы хабарлау үшін анонимді платформалар мен сенім телефондарын, сондай-ақ зардап шеккендерге арналған психологиялық қолдау топтарын құру; алаяқтық құрбандарын қорғауды жақсарту үшін ЕО 2019/713 директивасына ұқсас шаралар қабылдау.

### **Жетекші орындаушылар туралы ақпарат:**

жобаның жетекшісі Мария Еселева-Пионка, PhD

Мадина Кенжеғаранова, PhD

Әйгерім Әзімбекова, PhD

Айсұлу Байбекова, MS

Әйгерім Құсниева, MS

**Жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды жариялауы туралы ақпарат**

«Қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық шаралары: Қазақстан Республикасының заңнамасы мен практикасын талдау» мақаласы «ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы» журналында жариялануға қабылданды.